

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Құстар қайтып келді

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.06.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/99545/

Күні:22.04.2021

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет түрі .Экология.

Тақырыбы:Құстар қайтіп келді.

Мақсаты:

- 1.Балаларды қарлығаш құсымен таныстыру.
2. Маусымдық өзгешіліктер туралы түсініктерін бекіту, қарға мен сауысқанды сыртқы түріне қарай ажырата білуге үйрету.
- 3.Құстарға қамқорлық болуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: Қарлығаш, қарға, сауысқан басқа да құстар суреттері.

Тілдің үштұғырлығы: Қарлығаш-ласточка

Қарға-ворона

Сауысқан-сорока

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
------------------	---------------------	--------------------

Мотивациялық-қозғаушылық кезең.	Тақпақ Құстар келді қиқулап Ағаштарға қонақтап. Үніменнен сиқырлап, Жанына жоқ, жолатпақ.	Балалар бір-бірінің қолынан ұстап бір-біріне құстардың атымен жылы сөздер айтады: көгершінім, бұлбұлым, қарлығашым, балапаным т.б.
Ұйымдастыру-іздігіру.	Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Жарқырайды күніміз! Жайнай түсті даламыз! Алақан жылуы арқылы бір-біріне құстардың атымен еркелетіп жақсы сөздер айтқызу. Жұмбақ жасыру. Бұдыр-бұлдыр балшықты, Жинады да талшықты. Ұқсатып қамытқа Үй салды жабыққа. (қарлығаш) -қарлығаш екенін қайдан білдіңдер? -Қарлығаштың суретін тапқызу сипаттату. Жетелеуші сұрақтар қойып, ойларын толық айтқызу. -Жыл құсы деп қандай құстарды айтамыз? -Тағы да қандай жыл құстарын білесіңдер? Жұмбақ Ала шапан кигені, Сескенгіш болған соң. Қыпылықтап жүргені. (сауысқан) Қара түсті қарқылдақ Ұшып қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тқмдап. (қарға) «Құстар қалай ұшады» Ойыны Қарға ұшар қарқылдап, Торғай ұшар шырылдап, Сауысқан ұшар сақылдап, Қарлығаш ұшар шықшықтай. -Қарға мен сауысқан жыл құстарна жата ма? «Кім тез» Мақсаты: құстар туралы білімдерін жетілдіру. Кішкентай карточкаларға әр түрлі құстар, үй жануарлары, үй құстары, т.б. суреттер салынған. Балалар оларды жіктеп, тақырыпқа сай жинастырулары қажет. «Құстар біздің досымыз» өлеңімен қорытындылау. Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз Жем-су беріп қыс бойы Балапанын бағамыз. Мақтау, достарын бағалату.	-Қарлығаш. -Қарлығаш ұяны балшықтан жасайды. -Бұл- қарлығаш оны орысша ласточка дейміз, оның бауыры ақ түсті, құйрығы айыр құс, ол күзде жылы жаққа ұшып кетеді, оны жыл құсы дейміз. -Күзде жылы жаққа ұшып кететін құстарды, жыл құстары дейміз. Білетін жыл құстарын атайды. Балалар жұмбақ шешуін тауып, суретіне қарап сол құс туралы толық сипаттайды.
Сергіту сәті		Балалар құстардың дауысын келтіріп ,қимыл қозғалыстар жасайды. -Қарға мен сауысқан қыстан қорықпайтын құстар, олар жыл құстарына жатпайды.
Дидактикалық ойын Топтық жұмыс.		Балалар үш топқа бөлініп суреттерді жіктеп, тақырыпқа сай жинастырады. Тез жинаған топ ұтады.
Рефлексивті-түзетушілік		Балалар өлең сөздерін бірге қайталайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Қарлығаш құсын.

Нені игереді: Сауысқан мен қарғаны сыртқы түріне қарай ажыратады.

Нені біледі: Жыл құстарын

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgier.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.